# Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталын есептеу және есеп беруі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және осы мәселе бойынша бұрын қабылданған кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқарамасының қаулысы 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 118. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 1 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1527. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 тамыздағы N 310 қаулысымен (V032514).

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталын есептеу және есеп беруі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін ол 2001 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енгізілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізіледі.

3. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап:

1) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 150 қаулысының және Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықтың қолданылуын тоқтату туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 482 қаулысының ;

2) "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 150 қаулысының ;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 150 қаулысымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықтың күші жойылды деп есептелсін .

4. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталын есептеу және есеп беруі жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталын есептеу және есеп беруі жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 118 қаулысымен бекітілді

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталын есептеу және есеп беруі жөніндегі нұсқаулық

1. Осы нұсқаулық "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталын есептеу және есеп беру тәртібін белгілейді.

2. Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерінің болу талаптарын сақтау ісі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржы тұрақтылығы көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталы сақтандыру резервтерінің және өзге де міндеттемелердің сомасын шегеріп тастағандағы оның барлық активтерінің құны ретінде белгіленеді.

Сақтандыруды қадағалайтын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржы тұрақтылығының деңгейін анықтаған кезде ең төменгі меншікті капиталдың мөлшерін қосқанда активтердің құны олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктеу ескеріле отырып есептеледі.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының көлемін есептеген кезде қолданылатын активтерге мыналар кіреді:

1) ақша және ақша баламалары:

кассада (Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясының 18.11.1996 ж. N 6 қаулысымен бекітілген Субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебі есепшоттарының бас жоспары 45 есепшот), - кассадағы соманың 100% көлемінде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ұлттық валютамен банктік есепшоттарда (44 есепшот), - есепшоттардағы соманың 100% көлемінде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі шетел валютасымен банктік есепшоттарда (43 есепшот), - есепшоттардағы соманың 100% көлемінде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі арнайы есепшоттарда (42 есепшот), - есепшоттардағы соманың 100% көлемінде;

жолдағы ақша аударымдары (41 есепшот), - аударымдардағы соманың 100% көлемінде;

2) ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының (41 есепшот) мынадай бөлігінде:

халықаралық қаржы ұйымдарының осы Нұсқаулықтың 5-тармағында анықталған бағалы қағаздарының тізбесі - есептеу кезінде сатып алу құнының 100% көлемінде есептелетін;

кредиттік рейтингтік бағасы "АА-" ("Standard&Poor's" және "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктеуі бойынша) немесе "Аа3"-тен ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттіктің жіктеуі бойынша) төмен емес шетел мемлекеттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары - сатып алу құнының 100% көлемінде;

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарды қоспағандағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссия жасалғандары) - сатып алу құнының 100% көлемінде;

"Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелерінде айналымға шығарылған және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат еткен Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздар - сатып алу құнының 100% көлемінде;

"Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелерінде айналымға шығарылған Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздар - сатып алу құнының 95% көлемінде;

"Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының "А" санаты бойынша ресми тізіміне кіретін мемлекеттік емес бағалы қағаздар (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарының

депозитарлық қолхаттары (ADR, GDR)) - құндардың қайсысы аз болып табылатынына байланысты сатып алу немесе ағымдағы құнының 100% көлемінде;

"Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының "В" санаты бойынша ресми тізіміне кіретін мемлекеттік емес бағалы қағаздар құндардың қайсысы аз болып табылатынына байланысты сатып алу немесе ағымдағы құнының 95% көлемінде;

"Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелерінде айналымға шығарылған және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат еткен ипотекалық бағалы қағаздар - құндардың қайсысы аз болып табылатынына байланысты сатып алу немесе ағымдағы құнының 100% көлемінде;

"Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелерінде айналымға шығарылған ипотекалық бағалы қағаздар құндардың қайсысы аз болып табылатынына байланысты сатып алу немесе ағымдағы құнының 95% көлемінде;

халықаралық ұйымдасқан рыноктарда саудаланатын және рейтингтік бағасы "АА-" ("Standard&Poor's" "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктеуі бойынша) немесе "Аа3"-тен ("Moody's Investors Service рейтингтік агенттіктің жіктеуі бойынша") төмен емес мемлекеттік емес бағалы қағаздары - құндардың қайсысы аз болып табылатынына байланысты сатып алу немесе ағымдағы құнының 100% көлемінде;

сатуға арналған басқа борыштық бағалы қағаздар (қосарланған ұйымдардың бағалы қағаздарын қоспағанда) - ағымдағы құнының (403 1 есепшот) 70% көлемінде;

өтелгенге дейін ұсталынатын басқа борыштық бағалы қағаздар (қосарланған ұйымдардың бағалы қағаздарын қоспағанда) - ағымдағы құнының (403 3 есепшот ) 80% көлемінде;

жай акциялар түріндегі басқа үлестік бағалы қағаздар (қосарланған ұйымдарды қоспағанда заңды тұлғалардың капиталына жасалынған инвестициялар) - құндардың қайсысы аз болып табылатынына байланысты сатып алу немесе ағымдағы құнының (401 1 есепшот) 40% көлемінде;

басымдық берілген акциялар түріндегі басқа үлестік бағалы қағаздар ( қосарланған ұйымдарды қоспағанда заңды тұлғалардың капиталына жасалынған инвестициялар) - құндардың қайсысы аз болып табылатынына байланысты сатып алу немесе ағымдағы құнының (401 2 есепшот) 50% көлемінде;

3) қосылма ұйымдарға жасалған инвестициялардан және оларға талаптардың мынадай бөлігінде (14 және 32 есепшоттар):

еншілес, тәуелді және бірлесе бақыланатын заңды тұлғалардың, сондай-ақ басқа қосылма ұйымдардың капиталға, борыштық бағалы қағаздарға жасалған инвестициялары - сатып алу құнының 0% көлемінде;

еншілес, тәуелді және бірлесе бақыланатын заңды тұлғалардың, сондай-ақ басқа қосылма ұйымдардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі - берешек сомаларының ағымдағы мөлшерінің 0% көлемінде;

4) қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандыру ұйымдарының үлесі (303 есепшот) - сақтандыру резервтеріндегі ағымдағы мөлшері үлесінің 100% көлемінде;

5) қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылардан түсетін сомалары (301 3) бөлігінде:

қайта сақтандыру шартының талаптары бойынша мерзімі өтпеген берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 100% көлемінде;

90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 70% көлемінде;

90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 40% көлемінде;

180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 0% көлемінде;

6) қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтанушылардан түсетін сомалары (301 2) бөлігінде:

қайта сақтандыру шартының талаптары бойынша мерзімі өтпеген берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 100% көлемінде;

90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 70% көлемінде;

90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 40% көлемінде;

180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 0% көлемінде;

7) сақтанушылардан түсетін сақтандыру сыйлықақылары (301 1) бөлігінде:

сақтандыру шартының талаптары бойынша мерзімі өтпеген берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 100% көлемінде;

90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 70% көлемінде;

90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 40% көлемінде;

180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 0% көлемінде;

8) жасалатын сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарымен тікелей

байланысты түсетін есепшоттар (334 1 және 343 1 есепшоттар) бөлігінде:
комиссиялық алымдар түрінде түсетін:
мерзімі өтпеген берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 100% көлемінде;
90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 70% көлемінде;
90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 40% көлемінде;
180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 0% көлемінде;
басқа есепшоттар түрінде түсетін:
мерзімі өтпеген берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 100% көлемінде;
90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 70% көлемінде;
90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 40% көлемінде;
180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешектер - түсетін сомалардың ағымдағы мөлшерінің 0% көлемінде;
9) материалдық емес активтер (11 есепшотты алып тастағандағы 10 есепшот) - баланстық құнының 30% көлемінде;
10) негізгі құрал-жабдықтардың (13 есепшотты алып тастағандағы 12 есепшот) мынадай бөлігінде:
жер - баланстық құнының 100% көлемінде;
үй-жайлар және ғимараттар - баланстық құнының 50% көлемінде;
аяқталмаған күрделі құрылыс - баланстық құнының 30% көлемінде;
машиналар және жабдықтар, көлік құралдары - баланстық құнының 50% көлемінде;
басқа негізгі құрал-жабдықтар - баланстық құнының 0% көлемінде;
11) материалдар (20 есепшот) - баланстық құнының 0% көлемінде;
12) күмәнды қарыздар бойынша резервтер (31 есепшот) - резервтер сомасының 0% көлемінде;
13) басқа дебиторлық берешек (31 есепшот) бөлігінде:
қысқа мерзімді дебиторлық берешектер:
мерзімі үш айдан аспайтын - берешектер сомасының 100% көлемінде;
үш айдан алты айға дейінгі мерзімнен аспайтын - берешектер сомасының 70% көлемінде;
алты айдан астам мерзімде - берешектер сомасының 40% көлемінде;
ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер:

үш жылға дейін мерзімнен аспайтын - берешектер сомасының 20% көлемінде;

үш жылдан астам мерзімде - берешектер сомасының 0% көлемінде;

14) келешек кезеңдердің шығыстары (34 есепшот) - шығыстар сомасының 0% көлемінде;

15) берілген аванстар (35 есепшот) - аванстар сомасының 0% көлемінде;

16) басқа активтер - басқа активтер сомасының 0% көлемінде;

5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының мөлшерін есептеу кезінде есептелетін халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының тізбесіне мыналар кіреді:

1) Халықаралық қайта құру және даму банкі;

2) Еуропалық қайта құру және даму банкі;

3) Америкааралық даму банкі;

4) Халықаралық есеп айырысу банкі;

5) Азия даму банкі;

6) Африка даму банкі;

7) Ислам даму банкі;

8) Халықаралық қаржы корпорациясы.

6. "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда алаңында сатылатын бағалы қағаздың ағымдағы құны дегеніміз соңғы мәміле нәтижелері бойынша немесе мұндай саудадағы есеп беру күнінің жағдайы бойынша соңғы сұраныс бағасы бойынша анықталған баға белгілеу.

7. Басқа мемлекеттердің сауда алаңдарында сатылатын бағалы қағаздың ағымдағы құны дегеніміз соңғы мәміле нәтижелері бойынша немесе мұндай саудадағы есеп беру күнінің жағдайы бойынша соңғы сұраныс бағасы бойынша анықталған ең төменгі баға белгілеу.

8. Құны шетел валютасымен көрсетілген активтердің құны есеп беру күнгі жағдай бойынша Қазақстан республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша бағаланады.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық активтердің құнын бағалау осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген мөлшерде жасалады. Мұндай түрде анықталған активтер құны осы Нұсқаулықтың 3-тармағына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке капиталының мөлшерін есептеу үшін қолданылады.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының мөлшері бойынша есебі оны есептеу жөніндегі қажетті ақпаратты көрсете отырып ай сайын есеп беру айынан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей есеп беру нысанына сәйкес (осы Нұсқаулықтың Қосымшасы) және Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыруды қадағалайтын уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген жүйелі есеп берумен қатар сақтандыруды қадағалайтын уәкілетті мемлекеттік органға беріледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 20 сәуірдегі
N 118 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының меншікті капиталын
есептеу және есеп беруі
жөніндегі Нұсқаулыққа
қосымша

"___"__________200__ж. жағдай бойынша

____________________________________________________________________

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы)

**Меншікті капиталды есептеу жөніндегі есеп**

(мың теңге)

| N р/с | Активтің атауы | Есепшот N | Баланс бойынша сомасы | Ескерілетін көлем | Меншікті капиталдың есептеу сомасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Ақша және ақша баламалары | | | | |
| | - Кассада | 45 | | 100% | |
| | - Ұлттық валютамен банктік | | | 100% | |
| | есепшоттарда | 44 | | 100% | |
| | - шетел валютасымен банктік | | | 100% | |
| | есепшоттарда | 43 | | 100% | |
| | - арнайы есепшоттарда | 42 | | | |
| | - жолдағы ақша аударымдары | 41 | | | |

2 Ұзақ және қысқа мерзімді қаржы инвестициялары: 40

- халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары; 100%
- "АА-" ("Standard&Poor's" және "Fitch" рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Аа3" ("Moody's Investors Service" рей. тингтік агенттіктің жіктеуі бойынша) төмен болмайтын кредиттік рейтинг. тік бағасы бар шетелдік мемлекет. тердің мемлекеттік бағалы қағаздары; 100%
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздардан басқа; 100%
- Жергілікті атқарушы органдар шығарған, "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның сауда жүйелерінде айналысқа жіберілген және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат еткен Қазақстан Республикасы. ның мемлекеттік бағалы қағаздары; 100%
- Жергілікті атқарушы органдар шығарған "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның сауда жүйелерінде айналысқа жіберілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары; 100%
- "А" санаты бойынша "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми-тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осындай бағалы қағаздарға шығарылған

депозитарлық қолхаттар (ADR, GDR)) 100%

- "В" санаты бойынша "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне кірген мемлекеттік емес бағалы қағаздар; 95%

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның сауда жүйелерінде айналысқа жіберілген және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат еткен жағдайда ипотекалық бағалы қағаздар; 100%

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның сауда жүйелерінде айналысқа жіберілген ипотекалық бағалы қағаздар; 95%

- халықаралық ұйымдасқан рыноктарда саудаға түсетін және "АА-" ("Standard&Poor's" және "Ғitch" рейтингтік агенттіктері. нің жіктеуі бойынша) немесе "Аа3" ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттіктің жіктеуі бойынша) төмен болмайтын рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес бағалы қағаздар; 100%

- сатуға арналған басқа борыштық бағалы қағаздар (қосылма ұйымдар. дың бағалы қағаздарынан басқа); 403 1 70%

- өтеуге дейін ұстап қалынатын басқа борыштық бағалы қағаздар (қосылма ұйымдардың бағалы қағаздарынан басқа); 403 3 80%

- жай акциялар түріндегі басқа үлестік бағалы қағаздар (қосылма ұйымдардан басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар); 401 1 40%

- артықшылық берілген акциялар 401 2 50%

| | | | |
|---|---|---|---|
| | түріндегі басқа үлестік бағалы қағаздар (қосылма ұйымдардан басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар); | | |
| 3 | Қосылма ұйымдарға инвестициялар және оларға қойылатын талаптар: | | |
| | - заңды тұлғалардың еншілес, тәуелді және бірлесе бақыланатын, сондай-ақ өзге қосылма ұйымдардың капиталына инвестициялар (үлестік бағалы қағаздар); | 14 | 0% |
| | - еншілес, тәуекелді және бірлесе бақыланатын заңды тұлғалардың сондай-ақ өзге қосылма ұйымдардың қысқа және ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі; | 32 | 0% |
| 4 | Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерінде қайта сақтандырушыларды үлесі; | 303 | 100% |
| 5 | Қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар: | 301 3 | |
| | - қайта сақтандыру шартының талаптары бойынша мерзімі өтпеген берешек; | | 100% |
| | - 90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 70% |
| | - 90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 40% |
| | - 180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 0% |
| 6 | Қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар: | 301 2 | |
| | - қайта сақтандыру шартының талаптары бойынша мерзімі өтпеген берешек; | | 100% |
| | - 90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 70% |
| | - 90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 40% |
| | - 180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 0% |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру. шылардан алынатын сақтандыру сыйлық. ақылары: | 301 1 | |
| | - сақтандыру шартының талаптары бойынша мерзімі өтпеген берешек; | | 100% |
| | - 90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 70% |
| | - 90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 40% |
| | - 180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 0% |
| 8 | Сақтандыру қызметі бойынша алынатын есепшоттар: | | |
| | а) комиссиялық алымдар: | 334 1 | |
| | - мерзімі өтпеген берешек; | | 100% |
| | - 90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 70% |
| | - 90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 40% |
| | - 180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 0% |
| | б) алынатын басқа есепшоттар: | 343 1 | |
| | - мерзімі өтпеген берешек; | | 100% |
| | - 90 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 70% |
| | - 90 күннен 180 күнге дейін мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 40% |
| | - 180 күннен астам мерзімі өтіп кеткен берешек; | | 0% |
| 9 | Материалдық емес активтер (амортизацияны шегеріп тастағанда) | 10-11 | 0% |
| 10 | Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны шегеріп тастағанда): | 12-13 | |
| | - жер; | | 100% |
| | - үй-жайлар мен ғимараттар; | | 50% |
| | - аяқталмаған күрделі құрылыс; | | 30% |
| | - машиналар мен жабдықтар, көлік | | |

құралдары; 50%
- негізгі құрал-жабдықтардың өзге түрлері; 0%

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Материалдар | 20 | 0% |
| 12 | Күмәнді қарыздар бойынша резервтер | 31 | 0% |
| 13 | Өзге дебиторлық берешек:<br>а) қысқа мерзімді дебиторлық берешек:<br>- үш ай мерзімінен аспайтын; 100%<br>- үш айдан алты айға дейін мерзімнен аспайтын; 70%<br>- алты ай мерзімінен асатын; 40%<br>б) ұзақ мерзімді дебиторлық берешек:<br>- үш жылға дейін мерзімнен аспайтын; 20%<br>- үш жылдық мерзімнен асатын; 0% | 33 | |
| 14 | Болашақ кезеңдердің шығындары | 34 | 0% |
| 15 | Берілген аванстар | 35 | 0% |
| 16 | Өзге активтер | | 0% |
| 17 | Активтердің жиынтығы (1-16 жолдардың сомасы): | X | X |

(мың теңге)

| N | Міндеттемелер | Есепшот N | Баланс бойынша сомасы |
|---|---|---|---|
| 18 | Сақтандыру резервтері:<br>- еңбек жұмсалмаған сыйлықақылар бойынша<br>- болған, бірақ мәлімденбеген шығындар бойынша<br>- мәлімденген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша | 687<br>687 1<br>687 2<br>687 3 | |
| 19 | Сақтандыру резервтерінің жиынтығы | | X |

| | | |
|---|---|---|
| 20 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандырушыларға (қайта сақтандырушыларға) төленетін сомалар | 687 6 |
| 21 | Қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушыларға төленетін сомалар | 671 2 |
| 22 | Алынған қысқа және ұзақ мерзімді кредиттер | 60 |
| 23 | Қосылма ұйымдар алдындағы кредиторлық берешек | 64 |
| 24 | Төленуге есепшоттар және алынған алдын ала төлемдер:<br>- сақтандыру қызметі бойынша сақтандыру делдалдарымен есеп айырысулар<br>- сақтандыру қызметі бойынша өзге міндеттемелер | 61,67<br>671 1<br>611 1 |
| 25 | Өзге міндеттемелер:<br>- болашақ кезеңдердің кірісі<br>- дивидендтер бойынша есеп айырысулар<br>- бюджетпен есеп айырысулар<br>- заңды тұлғалардың еншілес, тәуелді және бірлесе бақыланатын кредиторлық берешегі<br>- бюджеттен тыс төлемдер бойынша есеп айырысулар<br>- алынған авансстар<br>- өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар<br>- өзге кредиторлық берешек және есептеулер<br>- өзгесі | <br>61<br>62<br>63<br>64<br>65<br>66<br>67<br><br>68 |
| 26 | Өзге міндеттемелердің жиынтығы | Х |
| 27 | Сақтандыру резервтерінен басқа міндеттемелердің жиынтығы (20-25 жолдар сомасы) | Х |
| 28 | Сақтандыру резервтерін қоса алғанда міндеттемелердің жиынтығы (19-27 жолдар сомасы) | Х |

(мың теңге)

| N р/с | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының есебі | Сомасы |
|---|---|---|
| 29 | Нұсқаулықтың 4-тармағының талаптарын ескере отырып есептелген активтердің құны | |
| 30 | Сақтандыру резервтері (осы кестенің 19-шы жолы) | |
| 31 | Өзге міндеттемелер (осы кестенің 27-і жолы) | |
| 32 | Меншікті капитал (29-ы жол 30 және 31 жолды шегеріп тастағанда) | |

Басшы Бас бухгалтер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК